

«8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған

Пансат Жансая Мусылхановнаның «Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» тақырыбындағы диссертациясына

ШЕТ ЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ РЕЦЕНЗИЯСЫ

Бүгінгі таңда әлемдік тіл білімінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, ұлт болмысын танытатын концептілік жүйелерді кешенді зерттеу үрдісі ерекше маңызға ие болып отыр. Ұлттық сананы, рухани кодты, мәдени әлемді тілдік деректер арқылы пайымдау – қазіргі антропоэктік парадигманың өзегі. Осы тұрғыдан алғанда, Пансат Жансая Мусылхановнаның «Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі ұлттық дүниетанымның терең қатпарларын, концепт лингвокеңістігіндегі түр-түс атауларының эволюциясын, «көк» концептісінің мағыналық өрісі және танымдық сипатын, қазақ тіліндегі «көк» концептісінің символдық мәнін ашады. Осы бағыттар бойынша кешенді зерттеу ретінде қазақ тілтанымындағы өзекті ғылыми бағытқа сәйкес жүргізіліп, ұлттық концептосферадағы «көк» ұғымының кешенді табиғатын ашуға арналған тың еңбек ретінде бағаланады.

Диссертацияда түр-түс атауларының концепт лингвокеңістігіндегі орны жүйеленіп, «көк» түсінің қазақ дүниетанымындағы символдық, мәдени, тарихи, этномифологиялық мәні жан-жақты талданған. Білім алушы концептінің семантикалық өрісін тарихи тамырымен бірлікте қарастырып, оның ұлт болмысына қатысты когнитивтік құрылымдарын ғылыми тұрғыда дәлелдей алған.

Зерттеудің теориялық негізі лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика қағидаларына сүйене отырып құрылымдалған. «Көк» концептісіне қатысты лексемалардың тілдік табиғаты мифопоэтикалық, этнографиялық, паремиологиялық, фразеологиялық, әдеби деректер негізінде талданған. Диссертацияның ғылыми жаңалығы – қазақ тіліндегі «көк» концептісінің көпқабатты жүйесін алғаш рет толық әрі жүйелі сипатта көрсетуі. Білім алушы көне түркі жазбаларынан бастап қазіргі тілдік қолданысқа дейінгі деректерді салыстыра зерттеп, «көк» концептісінің эволюциясын анықтаған. Зерттеу барысында «көк» концептісі тек түстік атау ретінде емес, тұтас дүниетанымдық жүйе, мәдени код, рухани тұрақтылықтың бейнесі ретінде сипатталған. Бұл еңбек түркілік менталитеттің терең қабаттарын тілдік дереккөздер арқылы пайымдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында ізденуші «көк» концептісінің тілдік бейнесін этномәдени, мифологиялық, танымдық тұрғыдан талдай отырып, қазақ халқының рухани кеңістігін, әлеуметтік болмысын, дүниені қабылдау ерекшелігін ғылыми негізде пайымдай алған.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі – қазақ тіліндегі «көк» концептісінің ұлт мәдениетіндегі мәнін, халық дүниетанымындағы көпқабатты мағынасын қарастыру. Диссертациялық жұмыста «көк» концептісінің этимологиялық негізі, семантикалық эволюциясын жан-жақты талданған. Сонымен қатар топонимдерде кездесетін «көк» лексемасының семантикалық-танымдық ерекшелігі, паремиология мен фразеологизмдердегі лингвомәдени қырлары, сондай-ақ әдеби дискурс контекстіндегі репрезентациясы айқындалған. Ізденуші «көк» концептінің этномифологиялық мазмұнын ашып, «көк» феномені арқылы түркілік танымның үйлесімді моделін ғылыми деңгейде негіздеген.

Зерттеудің басты мақсаты – қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипатын жан-жақты әрі кешенді түрде зерттеп, оның семантикалық, когнитивтік және мәдени өлшемдердегі ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа жетуде ізденуші «көк» түсінің тарихи және мәдени мәнін тереңінен ашып, түркі тілдері мен қазақ тіліндегі «көк» концептісінің концептуализациясына ықпал еткен факторларды қарастырған. Сондай-ақ,

диссертацияда «көк» концептісінің ұлттық дүниетанымдағы орны мен рөлі айқындалған. Диссертацияда әдеби мәтіндер мен этнографиялық деректердің талдануы зерттеудің мазмұнын байытып, нәтижелердің ғылыми құндылығын арттырған.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы ретінде «көк» концептісі табиғатына байланысты лингвомәдени құрылым жүйесі анықталған, ұлттық танымға ие символдық модельдер тілілік деректер негізінде жіктелген. Сонымен қатар, «көк» ұғымының дүниетанымдық деңгейлері, ұлттық санадағы аксиологиялық қызметі, мифопоэтикалық сипаты ғылыми тұрғыда жүйеленіп, қазақ тілінің концептосферасындағы орны нақтыланған. Ізденуші концептінің космологиялық, діни-философиялық, этносимволдық сипаттарын тілдік материалдармен дәлелдеп, оның ұлттық рухани код ретіндегі қызметін нақты дәйектермен ашып көрсеткен.

Диссертацияның құрылымы ғылыми жүйеге толық сәйкес келеді. Бірінші тарауда концепт ұғымының теориялық аспектілері қарастырылып, түр-түс атауларының лингвокогнитивтік эволюциясы сипатталған. Екінші тарауда «көк» концептісінің мағыналық өрісі, мәдени код ретіндегі сипаты және тілдік деректердегі репрезентациясы талданған. Үшінші тарауда символдық мәні, мифологиялық мазмұны, рухани кеңістіктегі орны жан-жақты талқыланды. Әр тараудың соңында мазмұндық қорытынды жасалып, ғылыми тұжырымдар ұсынылған.

Ізденуші зерттеу нысанына қатысты материалдарды ғылыми талдаудың заманауи әдістерімен ұштастырып, концептілік модельдер мен семантикалық желілерді анықтау арқылы «көк» ұғымының дүниетанымдық деңгейлерін ашқан. Зерттеу нәтижелері ұлттық руханиятты жаңғыртуға бағытталған жобаларға, тілдік сана мен мәдени мұраны зерделеуге арналған ғылыми бағдарламаларға әдістемелік негіз бола алады.

Жұмыстың практикалық маңызы тіл мен мәдениеттің арақатынасына арналған зерттеулерге, ұлттық идеология мен рухани жаңғыру үдерістеріне, тілдік сананы зерделеуге бағытталған ғылыми бағдарламаларға негіз бола алады. Зерттеу нәтижелері тіл білімінің когнитивтік, лингвомәдени, этнолингвистикалық бағыттарына әдістемелік тұрғыдан үлес қосып, оқу үрдісінде, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік салаларда кеңінен пайдалануға лайық.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы жүйелі, тұжырымдары ғылыми талаптарға сәйкес, мазмұны терең. Пансат Жансая Мусилхановна қазақ тіліндегі «көк» концептісін лингвомәдени сипатта қарастыра отырып, оны ұлттық дүниетанымның, тарихи жадтың және тілдік сананың құрамдас бөлігі ретінде зерделей алған. Қорытындылай келе, «Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу тіл білімі саласында өзіндік орны бар құнды еңбек болып есептеліп, ізденуші «8D02310 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Шетелдік кеңесші:
доктор, профессор,
Фырат университетінің (Элязыг, Түркия),
заманауи түркі тілдері мен
әдебиеттері кафедрасының меңгерушісі:


Алкая Эрджан (Alkaya Ercan)

